

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2017 жылғы 30 қазан

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы Үлкен алқасы:

Төрағалық етуші А.А.Федорцов,
баяндамашы судья Г.А. Скрипкина,
судьялар А.М. Ажибраимова, Э.В. Айриян, Ж.Н. Бәйішев,
Д.Г. Колос, Т.Н. Нешатаева, В.Х. Сейтімова, А.Э. Туманян, К.Л. Чайка,
сот отырысының хатшысы Б.Назарованың қатысуымен,
іс материалдарын зерттеп, баяндамашы судьяны тыңдап,

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46, 50, 68, 69, 73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық комиссияның 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелерін түсіндіру туралы өтініші бойынша мынадай Консультативтік қорытынды береді.

I. Өтініш берушінің сұрағы

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – өтініш беруші, Комиссия) Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 29-бабының ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініште Комиссия Одақтағы ішкі нарықтың жұмыс істеуіне қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін халықаралық шарттардың орындалуы мониторингін және оны бақылауды жүзеге асыру барысында Шарттың 29-бабы ережелерін түсіндіруге және оны қолдануға қатысты өзара тауарлар саудасында шектеу шараларын енгізу бөлігінде Одаққа мүше мемлекеттердің әртүрлі тәсілдері анықталды, атап айтқанда:

1) Шартқа, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға (Шарттың 29-бабының 3-тармағы) сәйкес белгіленген Одақтың кедендік аумағында осындай тауарларды өткізудің немесе олардың айналысының жекелеген тәртібі болған кезде ғана және оған сәйкес Шарттың 29-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша Одаққа мүше мемлекеттердің



